КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 06 қыркүйек № 1112-24-00-2/2545 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.М.Кубенов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Бұланды аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК

ЖАУАПКЕР:
«Досжан» (Досжан Әлия Серікжанқызы) ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы;

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-2,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Бұланды аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК жауапкер «Досжан» (Досжан Әлия Серікжанқызы) ЖК-не сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Досжан» (Досжан Әлия Серікжанқызы) ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Досжан» (Досжан Әлия Серікжанқызы) ЖК Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Бұланды аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК пайдасына 1 098 (бір мың тоқсан сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы, 33 (отыз үш) теңге төленген баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер «Досжан» (Досжан Әлия Серікжанқызы) ЖК 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымын мемлекеттің пайдасына өндірілсін.

Документ подписан: Кубенов Г.М., 06.09.2024

Дата вступления в законную силу: 15.10.2024, судья Кубенов Г.М., 17.11.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Г. Кубенов**

Документ подписан: Кубенов Г. М., 06.09.2024

Дата вступления в законную силу: 15.10.2024, судья Кубенов Г. М., 17.11.2024

1112-24-3-1/2548